

**Балалар мен жасөспірімдер арасында
XVI «Шаттық-2023» ашық шығармашылық
қалалық байқауын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1.1. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР:

1. Астана қаласының Білім басқармасы
2. М. Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайы
3. Әл-Фараби атындағы оқушылар сарайы
4. № 1, №2, №3 балалар музыка мектептері
5. №1, №2 Өнер мектептері
6. Техникалық шығармашылық орталығы
7. Балалар көркем мектебі

1.2. МАҚСАТ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕР:

- o Музыка, хореография, театр, сәндік-қолданбалы өнер саласындағы қосымша білім беру мазмұнын дамыту.
- o Техникалық модельдеу – нобайлар, суреттер, фотографиялар бойынша модельдер жасау.

- о Шығармашылық ұжымдардың сапалы нәтижелерін анықтау.
- о Шығармашылық әлеуетті дамыту, кәсіби біліктілікті жоғарылату, қосымша білім беру ұстаздары арасында шығармашылық тәжірибе алмастыру.
- о Қолданбалы шеберліктің орындаушылық деңгейін жоғарылату, оқушылар мен ұстаздарды заманауи материалдармен және авторлық технологиялармен таныстыру, ерекше ойлар іздестіруге ынталандыру.
- о Балалар мен жасөспірімдерге өз даралықтары мен дағдыларын танытуға мүмкіндік беру.

1.3 ҚАТЫСУШЫЛАР

Байқау бағдарламасына Астана қаласы мектеп, гимназия, лицей және кәсіптік білім беру мекемелерінің 8-ден 15 жасқа дейін және одан жоғары жас аралығындағы балалар мен жастар шығармашылық ұжымдарының орындаушылары қатыса алады. Қатысушылардың жас ерекшелік категориясы байқау уақытындағы жасына сәйкес анықталады.

Құжаттарды тапсыру тәртібі: байқауға қатысушыларды тіркеу құжаттар негізінде қабылданады.

Назар аударыңыз!

Әр номердің фонограммасы жеке CD,USB тасымалдағышында жазылуы тиіс және атауы көрсетілуі қажет (номер атауы, жетекшінің аты-жөні, тегі, білім мекемесінің атауы, тректің номері, USB тасымалдағышын қолданған жағдайда папка, трек атауы міндетті көрсетілуі қажет) және байқау басталар күніне дейін кешіктірілмей дыбыс операторына тапсырылуы тиіс.

Жалпы сұрақтар бойынша:Әлеуметтік жобалар бөлімі: кабинет № 202, байланыс тел. 32-4928, Красноштанова Н.В.

Номинациялар бойынша туындаған сұрақтарыңыз болса, төмендегі мекемелерге хабарласыңыздар:

1. «Хореография» жанры - М. Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайы 32-49-28
2. «Аспапта орындау/ ансамбльдер» - №1 Өнер мектебі, 52-00-37
3. «Аспапта орындау/соло» жанры - №3 БММ; 37-11-19
4. «Театр өнері» жанры - № 2 өнер мектебі, 26-62-47
5. «Фотосурет», «3D модельдеу» жанры - Техникалық шығармашылық орталығы , 54-41-89
6. «Вокал/ ансамбльдер» жанры – әл-Фараби ат. Оқушылар сарайы, 70-12-76
7. «Вокал/ соло» жанры - №1 БММ; 31-43-86
8. «Бейнелеу өнері» барлық жас ерекшеліктері - Балалар көркемсурет мектебі , 98-55-71
9. «Хор өнері» жанр - №2 БММ; 21-70-73.
10. Арнайы номинация «Тик-ток» - М. Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайы, 32-49-89

1.4. БАЙҚАУДЫҢ ӘДІЛ-ҚАЗЫЛАРЫ:

1. «Вокал», «Хореография», «Аспап жанры», «Театр», «Хор әні» жанрлары бойынша байқау қатысушыларын алдын-ала іріктеу кезеңінің жоқ болуына байланысты әділ-қазы мүшелері шығармашылық номерді тоқтатуға құқылы.

2. Номинация бойынша байқаудың қазылар алқасының құрамына шығармашылық бағыттағы мамандар, арнайы оқу мекемесінің оқытушылары, Астана қаласы балалар және жасөспірімдер ұжымының жетекшілері кіреді.

3. Қазылар алқасының төрайымы әр байқау бойынша жеке барлық қазылар алқасы мүшелерінің келісімімен таңдалады.

4. Қазылар алқасы байқау қойылымының баға жүйесін анықтайды, сонымен қатар, байқау бағдарламасының сақталмағандығын, ұжым қатысушыларының және жетекшінің қоршаған ортаға деген көрсеткен теріс қылықтары болса, айыппұл балдарды санап, байқауға қатыстырмауға шешім шығаруға құқылы.

5. Байқауды ұйымдастыру, өткізу және қорытындылау сұрақтары бойынша даулы мәселелерді шешуге өз жанры бойынша әрбір білім беру ұйымы жауапты болады.

II. БАЙҚАУДЫҢ ӨТКІЗІЛУ ШАРТТАРЫ

I кезең – ҚАҒАЗ ТҮРІНДЕ ұйымдастыру комитетіне құжаттарды тапсыру керек. Құжаттар өтініш тапсыратын күні қоса ТАПСЫРЫЛУЫ ҚАЖЕТ. Байқауға қатысуға өтініш беру үшін білім беру ұйымынан ансамбль санатында 3 түрлі жанрдан, ал қалғандары жеке орындауға қатысқан жағдайда ғана, өтінішті бере алады.

Міндетті қажетті құжаттар:

1. *Жалпы өтініш (2 дана, мекеме басшысымен бекітілген түрде) Өтініш үлгісі қосымшада. (өтініш үлгісі 1)*

2. *Әр жанр бойынша жеке өтініш (2 дана, мекеме басшысымен бекітілген түрде; өтініш үлгісі №2); 2. Жеке орындаушыларға арналған өтінім әрбір қатысушыға жеке парақтарда толтырылады;*

3. *Қатысушылардың туу туралы куәлігінің көшірмесі (жеке орындауда) немесе қатысушылар тізімі (ансамбльдер үшін) құжаттар номері, сыныбы, жасы(сайысқа қатысатын уақыт бойынша) көрсетілуі керек.*

Қатысушылардың тізімі («ансамбльдер» санаты үшін) ресми құжаттың дұрыстығын растай отырып, білім беру ұйымының бірінші басшысымен қатаң бекітілуі тиіс. Қатысушының жасы байқауды өткізу уақытына сай есептеледі. Қатысушылардың деректері **ҰББДҚ-мен** тексерілетін болады.

4. Шығармашылық ұжым (ансамбль) қатысқан жағдайда (10 және одан көп адамнан тұратын ансамбль) өтінімге екіден көп емес педагог, ал жеке орындаушылық бойынша – қатысушыны дайындаумен тікелей айналысатын бір ғана педагог көрсетілуі тиіс.

5. Алдыңғы "Шаттық-2022" байқауының жеке орындауындағы Алтын статуетка иегерлері ағымдағы жылғы "Шаттық-2023" байқауына қатыса алмайды. "Ансамбль" санатындағы қатысушылардың құрамы 70%-ға ауысқан жағдайда "Шаттық-2022" алтын статуетка иелері ғана қатыса алады. Тізімдер өткен жылғы конкурс хаттамасымен салыстырылады.

Құжаттарды қабылдау мерзімі: **17.03.2023 ж. Өткізілу орны: М. Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайы, фойе. Ә.Мәмбетов к-сі.,1.**

Ұйымдастыру комитетінің шешімі бойынша қатысушылардың өнер көрсету реттілігі білім мекемесінің реттік нөміріне сәйкес келетін болады, ал колледждер мен кәсіби мекемелердің өнер көрсету реттілігі – құжаттарды тапсыру кезегі бойынша анықталады.

II кезең – байқау бағдарламасы. Өткізілу уақыты: **29.03-31.03.23ж.**

III кезең – дипломанттарды, жүлделі статуетка иегерлерін марапаттау. Ұйымдастыру комитетінің шешімі бойынша марапаттау рәсімі жанрлар өткізілетін жерлерде өтеді. . Өткізілу уақыты: **4.04-5.04.23ж.**

IV кезең – Гала-концерт. Байқау жеңімпаздары, лауреаттары және дипломанттары (қоюшырежиссерлық топтың шешімі бойынша) Гала-концерттің қатысушылары болады. Жоспар бойынша өткізілу уақыты: 17-18.04.23.

Нәтижелерді жариялау және марапаттау:

1. Нәтижелер номинация бойынша барлық байқау номерлері көрсетілгеннен соң жарияланады.

2. Әділ-қазылар шешімі өзгертілмейді және қайта қаралмайды.

3. Әділ-қазылар алқасының шешімі бойынша бір категорияның марапатын екінші категорияға, бір номинацияның жүлдесін екінші номинацияға ауыстыруға болады.

4. Байқау нәтижелері жарияланғаннан кейін ұжым жетекшілері мен әділ-қазылар қатысуымен өтетін «дөңгелек үстел» ұйымдастырылады. «Дөңгелек үстел» отырысы конкурстық күндер аяқталғаннан кейін тағайындалады. Бару міндетті болып табылады. Өткізілетін күні мен орнын байқау жанры бойынша жауапты хатшылардан анықтау қажет

5. Нәтижелер жарияланғаннан кейін ұжымдар номинация бойынша жеңімпаз дипломымен және төсбелгісімен марапатталады.

6. «Тик-ток» арнайы номинациясы байқау жанрларынан тыс өтеді. Осы номинация бойынша қатысқысы келетін мекемелер бұл номинацияны жалпы өтініште көрсетуі керек және ережеге сәйкес барлық талаптарды орындауы қажет.

Балалар мен жасөспірімдер арасындағы «Шаттық-2023» ашық шығармашылық қалалық байқауына қатысу үшін

ЖАЛПЫ ӨТІНІШ ҮЛГІСІ 1 БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІ

№	Жанр	Номинация	Қатысушылар саны	Жас ерекшелігі	Шығармашылық жетекші тегі, аты-жөні	Жетекшінің байланыс телефоны (ұялы)

МӨР ОРНЫ Директор аты-жөні

Директордың тәрбие ісі жөніндегі жауапты орынбасарының толық аты-жөні, ұялы телефоны

№	Жанр	Номинация	Орындаушының аты-жөні (толық) немесе ұжым атауы	Жас ерекшелігі	Бағдарлама	Жетекшісі (аты-жөні толық және ҚАТАҢ түрде жеке құжатқа сәйкес жазу керек)	Жетекшінің байланыс телефоны (ұялы, үй телефоны)

МӨР ОРНЫ

Директор аты-жөні

Директордың тәрбие ісі жөніндегі жауапты орынбасарының толық аты-жөні, ұялы телефоны Балалар мен жасөспірімдер арасындағы «Шаттық-2023» ашық шығармашылық қалалық байқау

БАҒДАРЛАМА ТАЛАПТАРЫ

Байқау қатысушыларына дайындық уақыты берілмейді. Барлық шығармалар жатқа орындалады. Барлық номинациялар бойынша жарыс ашық түрде өтеді. Әділ-қазылар шешімі бойынша бағдарлама толық немесе жартылай орындалуы мүмкін. Бағдарлама талаптарына сай келмейтін жұмыстар мен өнер көрсетулер әділ-қазылар тараптарынан бағаланбайды. Ұйымдастырушылар Бағдарлама талаптарына өзгертулер енгізуге құқылы.

АСПАП ЖАНРЫ (ЖЕКЕ ОРЫНДАУШЫЛАР САНАТЫ)

Жауапты хатшы: Ильясова Қымбат Қуанышевна - №3 БММ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тел.37-11-19

Өткізілу орны: МКҚК «№3 балалар музыка мектебі», Бейсекбаев к-сі, 3/1.

Өткізілу уақыты: 29.03.2023ж

Номинация	Жас ерекшелігі	Талаптар	Бағдарлама
Соло. Классикалық аспаптар	8-11	Әр жас санатында бір қатысушыдан номинацияның бірінде (немесе классикалық немесе халықтық) қатысуға рұқсат етіледі. Санаттардан санатқа өтуге жол берілмейді. Таңдау бойынша 5 минуттан аспайтын 1 шығарма орындау керек. Аспап аккомпанементі рұқсат етіледі, фонограммаға (- минус) рұқсат жоқ.	Орындау мәдениеті және аспапты шебер меңгеру, репертуарды таңдай білуі және күрделілігі, музыкалық шығарманың көркемдік трактовкасы, әртістілік, сахна костюмі
Халық аспаптары	15 жас және жоғары		

АСПАП ЖАНРЫ

(АНСАМБЛЬДЕР САНАТЫ)

Жауапты хатшы: Каракушикова Гульмира Жексенбаевна, №1 Өнер мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 52-00-37

Өткізілу орны: Махамбет Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайы

(Ө. Мамбетов к-сі, 1)

Өткізілу уақыты: 31.03.2023ж.

Номинация	Жас ерекшелігі	Ансамбль құрамы	Талаптар	Бағалау критерий
Халық ансамблі: біртектес домбырашылар,	8-11	Кіші ансамбль толық қосқанда 9	Бір білім мекемесінен әртүрлі номинациядан екі ұжым қатысуға рұқсат етіледі.	Орындау мәдениеті және аспапты шебер меңгеру, репертуарды таңдай білуі және күрделілігі,

қобызшылар, жетігеншілер т.б. Фольклорлық ансамблі: аралас халық аспаптары Аспапты ансамбль: гитара, флейта, гобой, скрипка т.б. Эстрадалық ансамбль: барлық аралас түрлері	12-14 15 жас және жоғары	адамға дейін (дуэт, трио, квартет, квинтет т.б.) Үлкен ансамбль - адам саны толық қосқанда 10-15	Таңдау бойынша 5 минуттан аспайтын 1 шығарма орындау керек. Аспап аккомпанементі рұқсат етіледі. Фонограммаға (- минус) рұқсат жоқ.	музыкалық шығарманың көркемділігі, әртістік қабілет, сахналық киім Үлкен ансамбльге бір иллюстратор рұқсат етіледі.
--	--------------------------------	---	---	---

ВОКАЛ ЖАНРЫ
(ЖЕКЕ ОРЫНДАУ)

Жауапты хатшы: Оралбаева Жанар Шерханқызы – №1 БММ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тел. 31-43-86

Өткізілу орны: МКҚК «№1 балалар музыка мектебі», Желтоқсан к-сі, 36

Өткізілу уақыты: 30-31.03.2023ж.

Номинация	Талаптар	Бағалау критерийі
1. Жеке орындаушы	Жеке орындаушылар. Таңдауы бойынша жас ерекшелігі: 8-11, 12-14, 15 және одан жоғары.	Вокалдық ерекшеліктері: дауыс диапазоны, стильге сәйкестігі, күрделілік деңгейі ерекшелігі.
Дәстүрлі ән	БІР шығарма Дәстүрлі ән – өзінің аспап сүйемелдеуі бойынша (халық композиторларының әні және халық әні)	Әртістік ерекшеліктері: презентация, көрермендермен байланыс орнатуы, шығарманы жеткізу шеберлігі, жас ерекшелігіне сәйкестігі, орындау шеберлігінің ерекшелігі, сахналық киім үлгісі.
Эстрадалық ән	Эстрадалық ән –фонограмма (-1) Fleshcard бойынша	Өтініште ұсынылған номинация бойынша орындау мәнерін сақтау қажет (дәстүрлі немесе эстрадалық) Таңдалған репертуар қатысушылардың жас ерекшеліктеріне сай болуы тиіс!!!

	Әр білім беру ұйымынан екі өтініш қабылданады. (дәстүрлі ән және эстрадалық ән бойынша)	
--	---	--

ВОКАЛ ЖАНРЫ (АНСАМБЛЬДЕР)

Жауапты хатшы: Оспанова Гулзира Бауыржановна, 70-12-76

Өткізілу орны: әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы, Б. Момышұлы даңғ. 5

Өткізілу уақыты: 31.03.2023ж.

<p>2.Ансамбль немесе трио, квинтет</p> <p>Халық әні</p>	<p>БІР шығарма</p> <p>Таңдау бойынша жас ерекшелігі: 8-11, 1214, 15 және одан жоғары. Ансамбль құрамы 8-16 адам.</p>	<p>- интонация тазалығы, вокалды- ансамбльдық біліктілігі,</p> <p>- ансамбльдік орындаудың техникалық мүмкіндіктері (көпдауыстылық);</p>
<p>Эстрадалық ән</p> <p>Академиялық ән</p>	<p>Екі өтініш қабылданады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Халық әні және эстрадалық ән» номинациясы - «Академиялық және эстрадалық ән» номинациясы - «Халық және академиялық ән» номинациясы <p>Таңдалған номинацияға қарамастан өтініштер тек бір жас ерекшелігі бойынша ғана қабылданады.</p>	<p>-сахна мәдениеті, әртістік шеберлік,</p> <p>-көркем образды жүзеге асыруы</p> <p>-вокалдық ансамбльдің орындаушылық және шығармашылық даралығы;</p> <p>-Репертуардың орындаушылардың жас және жеке ерекшеліктеріне сай келуі тиіс;</p> <p>(Номерге көркемдік қойылым (костюм, реквезит), стандарттық емес номер – орындау қимылы, музыкалық рәсімдеу мен ерекше орындау мәнері ескеріледі.</p>

ХОР ӘНІ ЖАНРЫ

Жауапты хатшы: Ниханбаева Карлыга Жумахановна – №2 БММ директоры тәрбие ісі орынбасары,
тел. 21-70-73

Өткізілу орны: №4 МГ, Ш.Айманов к-сі,
3

Өткізілу уақыты: 29-30.03.2023ж.

Номинация	Талаптар	Бағалау критерийі
Хор әні	<p>Әр білім мекемесінен тек 1 хор ұжымы қатыса алады.</p> <p>Бір шығарма</p> <p>Қатысушылар саны: 24 және одан жоғары.</p> <p>Тандау бойынша жас ерекшелігі: 8-11, 12-14, 15 және одан жоғары.</p>	<p>- туындының көркем образын таныту;</p> <p>- интонация тазалығы, вокалды- ансамбльдық біліктілігі, -сахна мәдениеті, әртістік шеберлік,</p> <p>-вокалды ансамбльдың орындаушылық және шығармашылық даралығы. - Репертуардың орындаушылардың жас және жеке ерекшеліктеріне сай келуі тиіс</p> <p>Номерге көркемдік қойылым (костюм, реквезит), стандарттық емес номер – орындау қимылы, музыкалық рәсімдеу мен ерекше орындау мәнері ескеріледі.</p>

ЖАНР: ТЕАТР ӨНЕРІ

Жауапты хатшы: Жумабаева Гулшат Дүйсенбаевна – «Өнер мектебі №2», директордың тәрбие ісі орынбасары;

тел.26-62-47

Өткізілу уақыты: 29-30.03.2023ж.

Өткізілу орны: Орта топтар - Астана қ. әкімдігінің Оқушылар сарайы, Б.Момышұлы даңғ.,5, сағ 09.00-18.00

Үлкен және кіші топтар -№66 МЛ, Д. Конаев көшесі, 33/1, сағ:09.00-18.00

Номинация	Талаптар	Бағалау критерийі
Әдеби-музыкалық композиция	<p>Композиция ұзақтығы 10 минуттан артық болмауы тиіс! Өтініште өнер көрсету уақытын және шағын аннотация беруіңіз керек. Қатысушылар саны 5-10 адам, Таңдау бойынша жас ерекшелігі: 8-11, 12-14, 15 және одан жоғары.</p> <p>Әдеби-музыкалық композиция – ақындық сөздің(поэзия, проза, публицистика) үйлесімі мен синтезі және музыка мен пластика негізінде режиссердің құруымен туындайтын өзіндік көркемтуынды</p>	<p>Драматургиялық материалдың көркемдік құндылығы, қойылымның тұтастығы (ойдың берілуі, бірлігі, формасы және мазмұндылығы), актерлік деңгейі, ойдың үндестігі, безендіру құралдары арқылы шығарманың стилі (декорация, музыка, костюм) спектакльді көрсетудегі жалпы мәдениет, қойылымның жас санатына сәйкес келуі, шығармашылық мүмкіндіктер, спектакльдің режиссерлік деңгейі. Сахнаны жауып тұратын, орналастыру уақыт алатын үлкен декорациялар қолдануға болмайды.</p>
Театралдық қойылымнан үзінді Драма жанры	<p>Композиция ұзақтығы 10 минуттан артық болмауы тиіс! Өтініште өнер көрсету уақытын және шағын аннотация беруіңіз</p>	

	<p>керек. Қатысушылар саны 5-10 адам, Таңдау бойынша жас ерекшелігі: 8-11, 12-14, 15 және одан жоғары.</p> <p>Театралдық қойылым – драмалық және музыка-драмалық туындының (пьеса, ертегі, повесть, роман, әңгіме, т.б.) негізінде құралған логикалық бастауы мен аяқталуы бар, ортақ ой мен нақты атауы бар театр өнерінің туындысы.</p>	
Комедия және мюзикл жанры	<p>Композиция ұзақтығы 10 минуттан артық болмауы тиіс! Өтініште өнер көрсету уақытын және шағын аннотация беруіңіз керек. Қатысушылар саны 5-10 адам, Таңдау бойынша жас ерекшелігі: 8-11, 12-14, 15 және одан жоғары.</p> <p>Комедия-бұл әзіл-оспақ немесе сатиралық тәсілдермен сипатталатын көркем шығарманың жанры, сонымен қатар тиімді қақтығыс немесе күрес сәті нақты шешілетін драма түрі.</p> <p>Мюзикл-музыкалық, драмалық, хореографиялық және опера өнерін үйлестіретін музыкалық-театрлық сахналық жанр, шығарма және қойылым.</p>	

ЖАНР: ХОРЕОГРАФИЯ

Жауапты хатшы: Красноштанова Наталья Викторовна - М. Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайының әлеуметтік жобалар орталығының меңгерушісі; тел.32-49-28 **Өткізілу орны:** М. Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайы, Ә.Мамбетов к-сі,1 **Өткізілу уақыты:** 29-30.03.2023ж.

ЕСКЕРТУ.

- Хореография жанры бойынша бір білім мекемесінен бір жетекші атынан бір ұжым ұсынылған номинациялардың тек біреуі бойынша ғана бір жас ерекшелігінде қатыса алады. Әр білім мекемесінен тек екі өтініш қабылданады.
- Би ұжымының құрамы қатаң түрде 12-16 адам аралығында болуы тиіс.
- Ұжымда өтініш бойынша ұсынылған жас ерекшелікке сай келмейтін балалар өнер көрсетсе, ансамбль бағаланбайды. **Өтініш ұйымдастыру комитеті тарапынан қабылданып, кейін бұл сәйкессіздік анықталған жағдайда да бағаланбайды.**

Номинация	Талаптар	«Хореография» жанры бойынша бағалау критерийі
-----------	----------	---

<p>Халық биі</p>	<p>Халық биі – этноспен құрылған халық мәдениеті мен темпераментін білдіретін ең танымал би түрі. Халық биі ұлттық ерекшелікті, хореографиялық тіл мен этностық топты би қимыл арқылы, әуен ритмі және орындау шеберлігі арқылы танытады.</p> <p>Қазақстан халқы бірлестігінің этномәдени билерін орындау ұсынылады.</p> <p>«Халық биі» номинациясы бойынша музыкалық материал мәтінсіз болуы тиіс!</p> <p>Әр би қойылымның ұзақтығы 4 минуттан аспауы ажет.</p> <p>Жас санаты таңдау бойынша: 8-11,12-14, 15 және жоғары</p> <p>Ұжым құрамы: 12-16 адам</p> <p>Қатысушылар бір номер негізінде бағаланады.</p>	<p>USB құрылғысында тек байқауда өнер көрсететін әуендер ғана болуы керек.</p> <p>Басты назар ұжымның күрделі техникалық орындауына аударылады. Бұл сурет трюктерін үйлестіру.</p> <p><i>Орындау техникасы – би қойылымының негізгі ойын жеткізуге арналған би қимылдарын дұрыс және ұтымды қолдану.</i></p>
<p>Эстрадалық хореография</p>	<p>Эстрадалық хореография – бұл концерттік орындауға арналған хореографиялық туынды. Эстрадалық би үшін сыртқы көрініс, әсерлілік, қызықты характер мен виртуоздылық маңызды.</p> <p>Эстрада – шоу элементтері, реквизиттері бар биден құралады. Атақты музыкалық материалды сөзімен бірге қолдануға болады.</p> <p>Әр би қойылымның ұзақтығы 4 минуттан аспауы қажет.</p> <p>Жас санаты таңдау бойынша: 8-11,12-14, 15 және жоғары</p> <p>Ұжым құрамы: 12-16 адам</p> <p>Қатысушылар бір номер негізінде бағаланады.</p>	<p>Күрделілік деңгейі – орындалуы қиын элементтер (трюктар, техникалық элементтер).</p> <p><i>Балетмейстерлік шешімдердің өзіндік ерекшелігі</i></p> <p>Әуенділік (ритмичность) – әуенді «билеп шыға» білу, күрделі және әлсіз тұстарын айқындау.</p> <p>Синхрондылық. Орындау сапасы.</p> <p><i>Музыкалық және хореографиялық материалдың дұрыс таңдалуы</i></p>

		<p>және жас ерекшелігіне сәйкес келуі, артистизм, бейненің ашылуы бағаланады.</p> <p>негізсіз үзілістердің болмауы</p> <p>Композиция (бидің суреті): Алаңдағы қозғалыстың ауысуы, аз дегенде 4-5 сурет және алаңды тиімді пайдалану.</p> <p>Әртістік шеберлік- таңдалған бейнені ашып көрсете білу және би идеясын жеткізу қабілеті.</p> <p>Орындаушылардың сахна мәдениеті.</p>
<p>Қазіргі заман биі</p>	<p>Заманауи хореография - модерн балеттің әртүрлі бағыттары. Бидегі модерн бағыт XX-XXI ғасырдың әртүрлі би стилі мен техникасынан тұрады. Бұл классикалық бидің, гимнастика, акробатика, пантомима элементтерінің синтезі.</p> <p>Бидің негізі заманауи интерпретация жасалған кез-келген жанр бола алады (халық, сюжеттік, классикалық) Музыкалық материал сөзсіз болуы керек.</p> <p>Заманауи хореография – бұл міндетті жоғары канондық қимылдар мен позаларды талап етпейтін авторлық хореография. Әр түрлі сипаттағы бір заманауи би ұсынылуы керек.</p> <p>Әр би қойылымның ұзақтығы 4 минуттан аспауы қажет.</p> <p>Ұжым құрамы: 12-16 адам</p> <p>Қатысушылар бір номер негізінде бағаланады.</p>	<p>Би қойылымына жаңалық (арнайы эффекттер және басқасы) енгізуі.</p> <p>Костюмнің биге, әуенге сәйкестілігі.</p>

<p>Көше би. "Street dance"</p>	<p>Street dance - locking, popping, break dance, house, hip-hop, funk, jazz fank, dubstep, dancehall, waaking</p> <p>Әр би қойылымның ұзақтығы 4 минуттан аспауы қажет.</p> <p>Жас санаты таңдау бойынша: 8-11, 12-14, 15 және жоғары</p> <p>Ұжым құрамы: 12-16 адам</p> <p>Қатысушылар бір номер негізінде бағаланады.</p>	
--	---	--

ЖАНР: ФОТОСУРЕТ, 3D - МОДЕЛЬДЕУ

Жауапты хатшы: Алтынбаева Эльмира Букенбаевна – Техникалық шығармашылық орталығы директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тел. 54-41-89

Өткізілу орны: Нұр-Сұлтан қ., Сарыадыр қиылысы 3, №49 орта мектеп

Өткізілу уақыты: 29.03.2023ж.– «Фотосурет» жанры, 31.03.2023ж. - 3D модельдеу жанры

Номинация	Талаптар	Бағалау критерийі
<p>Фотосурет</p>	<p>Бір жас санаты таңдау бойынша: 8-11, 12-14, 15 және одан жоғары.</p> <p>Сурет қысыңқы емес, жоғары сапада боуы тиіс, кәсіби техникалық талапқа сай 12-24 мегапиксель (мысалы: 4000x6000 нүкте = 24 мегапиксель), мөлшері JPG форматында 5 Мбайт және одан жоғары.</p> <p>Байқау суретінің өлшемі 20*30</p> <p>Ұйымдастыру комитетімен берілген тақырып бойынша байқау фотосы байқау күні жасалады. Бұл тапсырма бойынша үй тапсырмасы қарастырылмайды.</p>	<p>Берілген тақырыпқа сәйкес ой түпнұсқалылығы, орында шеберлігі және көркемдігі.</p>
<p>3D модельдеу</p>	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Жас санаты 11-14, 15 және одан жоғары таңдау бойынша 3D моделін жеке орындаушы немесе ұжымдық 2 адамға дейін. ✓ Қатысушы кез-келген 3D модельдеу бағдарламалық жасақтамасында жасалған және конкурстық санатты қанағаттандыратын дайын жобаны әкелуі керек. ✓ Модель 3D басып шығарылу мүмкіндігі болуы керек. Қатысушы 3D басып шығарылған пластикалық модельді ұсынады FDM немесе FFF 	<p>Модельдің күрделілігі және өнімге кіретін бөлшектердің күрделілігі</p> <p>Бағдарламаның мүмкіндіктерін пайдаланудың толықтығы және 3D принтер. Модельді практикалық қолдану</p>

	<p>технологиясы (пластикалық жіпті балқыту арқылы басып шығару). Пластиктің түсі мен түрі маңызды емес. Модель масштабы 1:1 болуы керек. Модельдің өлшемі (егер бұл құрама модель болса, онда осы модельдің бір бөлігі) кем дегенде 15x15x15 см керек.</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Қатысушы модельді 3D басып шығарғаннан кейін қосымша өңдеуге, соның ішінде бірнеше бөлшектерді тегістеуге немесе желімдеуге құқылы. ✓ Жоба міндетті түрде қатысушы таңдаған форматтағы презентациямен, жобаның сипаттамасымен (құру тарихы, қолдану мүмкіндіктері және жұмысты орындау барысында қатысушының фотосуреттері) еркін стильде ұсынылуы керек. ✓ Конкурсты ұйымдастырушылар конкурстық жұмыстарды автордың (тең авторлардың) аты-жөнін міндетті түрде көрсете отырып, коммерциялық емес мақсаттарда пайдалану құқығын өзіне қалдырады. Бұл ретте жоба конкурсты ұйымдастырушылардың иелігінде қайтару құқығынсыз қалады. Конкурстық жұмысқа қатысушылардың осы Ережеге сәйкес беруі қатысушылардың конкурс өткізу шарттарымен толық және сөзсіз келісімін білдіреді 	<p>Шығармашылық (модель жасау тәсілінің өзіндік ерекшелігі) Стендті безендіру және ауызша қорғау (қорғау кезеңде)</p>
	<p>3D модельдеу номинациясына кіретін тақырыптар келесі салаларды қамтиды</p> <p>Инженерия (құрылғылар мен механизмдердің прототиптері, автомобиль дизайны, станок жасау, өнеркәсіптік дизайн)</p> <p>Робототехника (робототехникалық құрылғылардың құрылымдық элементтері, механизмдер, әртүрлі жұмыстар, соның ішінде фантастикалық)</p> <p>Құрылыс (макеттерді басып шығаруға бейімделген немесе жасау үшін құрылыс роботтары немесе 3D-принтерлер пайдаланылатын сәулет, дизайнерлік және конструкторлық жобалар)</p> <p>Медицина (протездер, операцияларды жоспарлау, құралдар, Оқу модельдері)</p> <p>Сән (зергерлік бұйымдар, зергерлік бұйымдар, киім, аяқ киім, аксессуарлар)</p> <p>Өнер және музей ісі (қайта құру, көшірмелер, мүсіндер, инсталляциялар) Декор және тұрмыстық заттар(үйдің ішкі, сыртқы элементтері, тұрмыстық заттардың дизайны)</p>	
	<p>Ойыншықтар (кез келген ойыншықтар, соның ішінде оқыту ойыншықтары, мультфильм кейіпкерлерінің, кинофильмдердің, әдеби шығармалардың үлгілері)</p>	

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ЖАНРЫ

Жауапты: Бадриденова Райса Маратовна, Астана қаласының БКМ директорының ТІ жөніндегі

орынбасары , тел.98 55 71

Өткізу орны: БКМ (№18), Бөгенбай батыр даңғылы, 17

Өткізу күні: 29.03.2023ж.

Кіші және орта жас санаты: 8-11, 12-14 жас, сағ. 10.00 - 13.00
Жас санаты: 15 жас және одан жоғары сағ. 14.00-17.00

Номинация	Талаптар	Бағалау критерйлері
<p><u>БЕЙНЕЛЕУ</u> <u>ӨНЕРІ</u></p>	<p>8-11, 12-14, 15 және одан жоғары таңдау бойынша жас санатындағы білім беру ұйымынан 1 қатысушы бойынша</p> <p>1) Үй тапсырмасы: - Пейзаж (қалалық, ауылдық), форматы 40*60; -3 заттан кем емес Натюрморт (форматы 40*60). Жұмыс паспартсыз болуы керек. Артқы жағындағы жапсырма автор туралы басылған деректер: тегі, аты, жасы, мектебі, аты-жөні, ұясы. басшының тел., жұмыс атауы, техникасы (өлшемі 5 * 10 см затбелгі) ;</p> <p>2)" Композиция " (формат 30*42). Жұмыстар конкурс өткізу кезеңінде орындалады. Техника: майдан басқа кез келген. Берілген тақырыпқа арналған конкурстық тапсырма. Тақырып конкурстық күні жарияланады.</p> <p>Үй жұмыстары 20 наурызға дейін (20 наурызды қоса алғанда) Бөгенбай батыр, 17 мекенжайы бойынша қабылданады. Оң қанат, 3 қабат Балалар көркемсурет мектебі – ЮНЕСКО клубы Жұмыстарды қабылдау уақыты: дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін түскі ас сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін.</p> <p>Дизайнның өзіндік ерекшелігі, орындаудың шеберлігі мен көркемдігі, берілген тақырып пен форматқа сәйкестігі.</p>	<p>Дизайнның өзіндік ерекшелігі, орындаудың шеберлігі мен көркемдігі, берілген тақырып пен форматқа сәйкестігі.</p>

АРНАЙЫ НОМИНАЦИЯ «ТИК-ТОК»

Жауапты хатшы: Красноштанова Наталья Викторовна- М. Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайының әлеуметтік жобалар орталығының меңгерушісі; тел.32-49-28 **Өткізілу орны:** М. Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайы, Ә.Мамбетов к-сі,1 **Өткізілу уақыты:** 31.03.2023ж.

Номинация	Талаптар	Бағалау критерийі
	<p>Тақырып: «Шаттық-2023»</p> <p>Білім беру мекемесі БІР бейнеролик ұсынады.</p> <p>Жас ерекшелігі 8 жастан жоғары. Қатысушылар саны – шектелмейді.</p> <p>Қатысушыларға әуеннің қысқа үзіндісі ұсынылады, осы әнге олар өздігінен тик-ток ойлап тауып, #шаттықконкурс22 хэштегімен жүктеу қажет.</p> <p>Бейнероликті жүктеу үшін қатысушылар youtube.com файлдар сақтау жүйесін пайдалану қажет, білім беру мекемесі тик-тоқты жариялау үшін байқау материалына сілтемені жолдайды. Білім мекемесі өтінішті беру</p>	<p>-ерекшелік пен креативтілік; -ақпараттылық; -бейнеролик сапасы; -арнайы көркемдік құралдармен жұмыс жасай білу деңгейі.</p>

	<p>арқылы ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңының талаптарына сай жеке деректердің қаралуына рұқсат береді.</p> <p>Бейнероликтің түсірілімі мен монтаж барысында арнайы бағдарлама мен құралдарды қолдану – қатысушының өз еркінде.</p> <p>Байқауға жарнамалық роликтер мен басқа адамдардың сезіміне тиетін балағат сипаттағы және тақырыпқа сәйкес келмейтін бейнероликтер қабылданбайды.</p>	
	<p>Ролик форматы би, липсинг, әнді қайталау және қатысушы шешіміне қарай басқа да нұсқалар болуы мүмкін.</p> <p>Әділ-қазылар құрамы бағалауының нәтижесі бойынша – арнайы сыйлықпен бір білім мекемесі «Үздік тик-ток ролик» номинациясымен аталып өтеді.</p>	

**Астана қаласы мектеп, гимназия, лицей, техникалық және кәсіби білім мекемелеріне
арналған балалар мен жасөспірімдер арасындағы
XVI «Шаттық-2023» ашық шығармашылық қалалық байқауының
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Номинациялар бойынша байқау бағдарламасы:	Өткізілу орны
<p><u>I КҮН</u> <u>29 наурыз /сәрсенбі/</u></p>	
<p>«Шаттық-2023» ашық шығармашылық байқауының салтанатты ашылуы</p>	<p>М. Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайы (Ә. Мамбетов к-сі, 1)</p>
<p>ХОРЕОГРАФИЯ</p>	<p>М. Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайы (Ә. Мамбетов к-сі, 1)</p>
<p>ХОР ӘНІ</p>	<p>Ж. Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясы (Ш. Айманов к-сі, 3)</p>
<p>АСПАП (соло)</p>	<p>№3 Балалар музыка мектебі (Бейсекбаев к-сі, 3/1)</p>
<p>ТЕАТР (12-14 жас)</p>	<p>әл-Фараби атындағы оқушылар сарайы (Б. Момышұлы даңғ. 5)</p>
<p>ФОТО</p>	<p>№49 орта мектеп (Сарыадыр қиылысы 3)</p>
<p>БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ (барлық жас ерекшелігі)</p>	<p>№18 орта мектеп (Бөгенбай батыр даңғ. 17)</p>
<p><u>II КҮН</u> <u>30 наурыз /бейсенбі/</u></p>	
<p>ХОРЕОГРАФИЯ</p>	<p>М. Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайы (Ә. Мамбетов к-сі, 1)</p>
<p>ФОТО</p>	<p>№49 орта мектеп (Сарыадыр қиылысы 3)</p>
<p>ХОР ӘНІ</p>	<p>Ж. Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясы (Ш. Айманов к-сі, 3)</p>
<p>ТЕАТР (8-11 жас; 15 жас және одан жоғары)</p>	<p>№66 мектеп-лицейі (Д. Қонаев к-сі, 33/1)</p>
<p>ВОКАЛ (соло)</p>	<p>№1 Балалар музыка мектебі (Желтоқсан к-сі, 36)</p>

АСПАП (соло)	№3 Балалар музыка мектебі (Бейсекбаев к-сі, 3/1)
<u>III КҮН</u> <u>31 наурыз /жұма/</u>	
ВОКАЛ (соло)	№1 Балалар музыка мектебі (Желтоқсан к-сі, 36)
ВОКАЛ (ансамбльдер)	әл-Фараби ат. Оқушылар сарайы (Б. Момышұлы даңғ. 5)
3D-МОДЕЛЬДЕУ	№49 орта мектеп (Сарыадыр қиылысы 3)
АСПАП (ансамбльдер)	Махамбет Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайы (Ә. Мамбетов к-сі, 1)
АРНАЙЫ НОМИНАЦИЯ ТИК-ТОК	М.Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайы
<u>IV КҮН</u> <u>3 сәуір / дүйсенбі/</u>	
МАРАПАТТАУ РӘСІМІНЕ ДАЙЫНДЫҚ	
<u>IV - V КҮН</u> <u>4-5 сәуір / сейсенбі-сәрсенбі/</u>	
ДИПЛОМ ИЕГЕРЛЕРІ, ЖҮЛДЕЛІ СТАТУЭТҚАЛАР ИЕГЕРЛЕРІН МАРАПАТТАУ	Жанрлар байқауы өткен жерлерде
<u>17-18 СӘУІР</u>	
<u>ШАТТЫҚ-2023 қатысушыларының Гала-концерті</u>	

